5256769942

№4360-17-00-2/3039

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2019 жылғы 14 маусым Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья З.Жарылқасынованың, сот отырысының хатшысы Н.Ержановтың, ашық сот отырысында, өз бастамасы бойынша талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - ММ) жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шарттық міндеттемелерін орындауды міндеттеу туралы азаматтық ісі бойынша шешімін қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен талап қою арызы ішінара қанағаттандырылып, жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-нен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы 600 000 (алты жүз мың) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж 18 000 (он сегіз мың) теңге өндіріліп, талап қою арызының қалған бөлігінде қанағаттандырудан бас тартылған.

Соттың 2018 жылғы 23 қаңтардағы шешімнің қарар бөлігінде 1-абзацында «талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын» деп көрсетілуі тиіс болса, алайда сот шешімінде «талап қою арызы қанағаттандырылсын» деп қате жазылып кеткен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 235-бабының 2-тармағына сәйкес, сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады делінген.

Сондықтан, аталған мән-жайларда шешімге түзетулер енгізілуге жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде, АПК-нің 235-бабын басшылыққа ала отырып, сот

Ұ Й Ғ А Р Ы М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің жауапкер «Нур-Талап и К» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру және шарттық міндеттемелерін орындауды міндеттеу туралы азаматтық ісі бойынша Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 23 қаңтардағы шешімінің қарар бөлігіндегі 1-абзацындағы қате жазулар түзетілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 17.06.2019

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 23 қаңтардағы шешімінің қарар бөлігіндегі 1-абзацындағы «Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нур-Талап и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.» деген жазудың орнына «Талап қоюшы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нур-Талап и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.» деген жазуға ауыстырылсын.

Ұйғарымға наразы жағы он жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жеке шағым беруіге және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья З.Жарылқасынова

Құжатқа қол қойылған: Жарылқасынова З. Т., 17.06.2019

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»